



Ақмешіт

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін қайта қарауды тапсырды.

ҚҚС МӨЛШЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Кездесуде Президент экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, кез-келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен қабылдау кергін айтты.

– Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс.

Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтқанын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен, бұл қоғам талқысына алдына ала салынған ұсыныс болатын, – деді Мемлекет басшысы.

Қоғамталқысына салынған мәселеге әлі нүкте қойылған жоқ. Алдағы уақытта да Президент тапсырмасына сәйкес пәрменді жұмыстар қолға алынатыны анық. Мемлекет басшысы оған қоса, еліміздің қаржылық тұрақтылығын жетекші рейтинг агенттіктерінің болжамдары растап отырғанына назар аударды.

– Кейбір «сарапшылар» айтып жүргендей, ел экономикасының жағдайы соншалықты мүшкіл деген пікірмен келіспеймін. Салымыз сута кететіндей күйде емеспіз. Бірақ босануға да болмайды. Иә, экономикада 4,8 пайыздық өсім бар. Үкімет отырысында мұның Қазақстан үшін жеткіліксіз екенін айттым. Үкімет дамудың жаңа даңғылын іздеуі керек. Бұл ретте бизнес қоғамдастықтың рөлі үлкен. Халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік қарыз деңгейін «аса жоғары емес», яғни басқаруға икемді деп бағалап отыр. Қарызды басқару саясаты бекітілген қаржылық шектеулерді қатаң сақтау арқылы жүргізіледі. Кіріс деңгейін арттыру есебінен бюджет тапшылығын азайту көзделген. Бұл мемлекеттің борышын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұзақмерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, – деді Президент.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қазақ киносы десе көз алдымызға Қожаның сотқарлығы, Алпамыстың алғырлығы келеді. Қанша қарасаң да жалықпайтын «Тақиялы періште» көркем фильмі көпшіліктің әлі есінде. Заман ауысып, қазір сан түрлі фильм көрерменге жол тартуда. Оның ішінде кәрістің, түріктің, еуропаның фильмдері тағы бар. Индустрияның бұл бағытын басқа елдер идеология ретінде пайдалануға болатынын баяғыда түсінгендей.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНА КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛА МА?



Кино саласында 25-інші кадр дейтін термин бар. Кадрдағы әрбір детальды санаға әсер етіп, романтика туғызады. Мәселен, мықты жігіттердің шылым шегуі, қалталы жігіттің қымбат ішімдік ішуі. Әсіресе, Еуропаның картиналарында көп байқалатын үрдіс. Не көрсен соған ұқсайсың дегендей, кәріс киносына қызғатын көрермен қауымның соларға еліктейтінін көріп жүрміз. Сонау 90-жылдары Қазақстанда «Голливуд» фильмдері кең таралған уақытта жастар бастық сөйлеу мәдениеті мен киіну стиліне қызыға бастады. Қазіргі «Марвел», «Дисней» сияқты компаниялар да мәдениет алмасуда үлкен рөл атқарады.

Қош, енді қайтпек керек? Қазақ тілінде түсірілген отандық фильмдердің сапасы туралы аз-кем оңтүзе қозғасак. Ел арасында отандық кинолар туралы сыни ойлар айтылып жатады. Бірақ кейінгі уақытта ол сындардың бәрі стереотип болып қалғандай. Себебі бұрын тек халықты комедиямен таңқалдырамыз деген кино түсірушілер қазір ерекше бағытқа назар аударып келеді. Мәселен, кейінгі шыққан «Қазақ әлемі» картинасы тын бағытымен және сәтті сценариймен көрерменді тарта білді. Кинода айтылған ойлар мен әзілдер қазір халықтың аузында жүр. Мәселен, жастар қазақтың тарихын емес, Кореядағы Когуре елінің тарихын жақсырақ білетінін сынап өткен еді. Телеарналардан кәрістің тарихи кинолары түспегені белгілі. Соның әсерінен бе, кезінде алақандай ғана жерді алып жатқан тайпаның тарихын жатқа білеміз. Ал елдің тарихи кинолары түсіріліп жатыр дегенмен оның жарнамасы жетіспей жатқандай. Себебі бюджеттен бөлінген миллиондаған қаржының да ақталмағаны да әмбебе мәлім.

ЖОЛ САПАСЫ – ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДА



Жолда жүрген жолаушының мұны көп. Қайсыбір жылдары Қызылорда-Жезқазған жолының бойында белуардан батпаққа батып, не көмек шақыра алмай, бағзы заманның әдісіндей «елге сәлем» айтқан сәттерін талай көріп едік. Одан бөлек те, алыс жолға шыққандардың жол азабын тартқан кездері жетерлік.

Жаңа технологиялар дәуірінің өрістеген тұсында осы кемшін тұс талайдың шымбайына батып жүрген-ді. Енді осындай түйткілдің тарқайтын уақыты жеткен тәрізді. Таяуда Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында республикалық маңызы бар жолдарды интернетпен қамтамасыз ету және көлік саласындағы инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі шаралар талқыланды. Бірнеше министрліктің басын қосқан бұл жиында жолда болуға қажетті қызметтердің жай-күйі, бүгінгі мен ертеңі талқыланды.

Жиында сөз алған Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев бүгінгі таңда Қазақстандағы жол саласының цифрлық трансформациясы азаматтар үшін неғұрлым қауіпсіз әрі жайлы көлік ортасын құруға бағытталғанын атап өтті. Бүгінде елдегі жолдарда интернетті енгізу, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, «Astana Hub» арқылы инновациялық жобаларды іске асыру бағыты жүргізіліп жатқан көрінеді. Жұмыстың I кезеңінде республикалық жолдар бойында 243 антенна-дінгек құрылысы орнатылады. Бұл бағытта 104 антенна-дінгек құрылыстары бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынып үлгерген. Ал 2027 жылы «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында республикалық және облыстық жолдардың толық мобильді интернетпен қамту межесі тұр.

– Қазірдің өзінде жасанды интеллекттің салаларға еніп жатқанын атап өткім келеді. Мысалы, жасанды интеллект көмегімен автожолдарды диагностикалау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. «Smart Road Diagnostic System» жүйесі арқылы автожолдардың тегістілігі мен табандылығына 2024 жылы 15 мың шақырым жол диагностикаланды. Автожол саласында үш мемлекеттік қызмет түрі толығымен электрондық форматта көрсетіледі, – деді министр.

Айтпақшы, Мәдиевтің мәлімдеуінше, пилотсыз көлік нарығы 2035 жылға дейін 3 трлн АҚШ долларын құрайтынын айтты. Бұл дегеніңіз бүгінгімен салыстырғанда 100 есе өсімге жуықтайды. Ал көлік министрі Марат Қарабаев елімізде жолдарды басқаруға арналған «E-Jolgar» бірнәсілді цифрлық платформасы құрылатынын айтты. Оның мәліметінше, өткен жылы рекордтық көлемде 12 мың шақырым жол жөнделді. Оның 7 мың шақырымында негізгі жұмыстар аяқталған. Жобаларды жүзеге асыру шеңберінде 10 мыңнан астам құрылыс техникасы және 25 мың адам жұмылдырылды. Ал сапаға келсек, республикалық және жергілікті жолдардың нормативтік жағдайы 93% және 89% деңгейіне жетті. Жол саласында көптен күткен ұлы той болғаны да рас.

Мәселен, Алматы мен

Қарағандының, Талдықорғанның және Өскеменнің және Ақтөбе – Атырау – Астрахан аралындағы жолдар ашылып, қолданысқа берілді. Бұл біраздан бері елдің күтіп жүрген жаңалығы еді. Оған қоса, көптен бері қол жеткен «Қалбатау – Майқашағай», «Қызылорда – Ұлытау облысының шекарасы», «Подстепное – Федоровка» және «Өнеге – Бейсен – Сайкын» сияқты жобаларда жолдың төменгі қабатын төсеу жұмыстары аяқталды.

– Қазір министрліктің алдына 10 мың шақырым жолды орташа жөндеуден өткізу міндеті қойылған. Өткен жылы оның 5 мың шақырымында жұмыстар басталып, мың шақырымы іске қосылды. Биыл қалған 4 мың және жаңа 2 мың 600 шақырымда орташа жөндеу жүргізіледі. Жалпы орташа жөндеумен қамту 6,6 мың шақырымды құрайды. Бұл әдіс жобаларды жүзеге асыру мерзімін 3 есе қысқартып, шығындарды 7 есе азайтуға мүмкіндік береді. Аталған жолдар – өңіраралық аудан мен ауданның арасын қосатын, халықтың тікелей игілігіне бағытталған жобалар, – деді министр.



DIGITAL ALMATY 2025

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: Технологиялық серпіліс пе, әлде жаңа сын-қатер ме?

Жасанды интеллект пен адамның «Digital Almaty 2025» форумында басты тақырыпқа айналды. Форумда технологиялар, қауіпсіздік және этика саласындағы жетекші сарапшылар ЖИ-дің салаларға әсерін талқылады. Деректерді қорғау, қауіпсіздік мәселелеріне және ЖИ-ді пайдалану кезінде этикалық стандарттарды сақтауға ерекше назар аударды. Форумға қатысушылар ЖИ-дің артықшылығын жеке деректердің құпиялығын бұзу және киберқылмыс қауіпін артатынын атап өтті. Сонымен қатар сарапшылар ЖИ-ді дамытуда жауапкершілік қажет екенін, тәсілді ұстану, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әділдік пен ашықтыққа негізделген реттеу қағидаттарын енгізу қажеттігін білдірді.

Ел экономикасы мен мемлекеттік басқаруға қалай ықпал етеді?

Digital Almaty 2025 форумының басты тақырыптарының бірі – жасанды интеллекттің өнеркәсіпке, экономикаға және мемлекеттік басқаруға әсері болды. ЖИ-дің қаржы, медицина, білім беру, ESG және киберқауіпсіздік салаларына интеграциясы талқыланды. Форум Қазақстанның цифрлық трансформациясын жеделдету, инновациялық экожүйені дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту алаңына айналды.



Үкімет басшысы Олжас Бектенов Астанада «Alem.AI» халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылатынын жариялады. Бұл орталық стартаптар мен IT-компанияларды біріктіруге және ЕАЭО елдерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған. Сонымен қатар «Digital Awards» сыйлығы аясында үздік IT-шешімдер мен инновациялық жобалар марапатталды. Форум аясында 37 панельдік сессия өтіп, 200-ден астам спикер, оның ішінде 60 шетелдік сарапшы қатысты. «AI-driven: Government, business, society» панельдік сессиясында мемлекет пен бизнестің ЖИ саласындағы ынтымақтастығы, инфрақұрылымдық жобалар мен кадр даярлау мәселелері талқыланды.



ДОУЛА: мамандық па, әлде кәсіп пе?

Бұл ұғымның яғни қызметтің біздің елде пайда болғанына 3-4 жылдың көлемі болыпты. Естіген кезде өзін де таңдандым, бір жағынан қызықтым. Көп таныстарымның бұл қызметтен мүлде хабары жоқ болып шықты. Ал кейбіреуі қызықтырған маман немесе қызмет – бұл доула. Өзім де оның негізгі жұмыстарын толық білмегендіктен нағыз мамандармен тілдескенді жөн көрдім. Айтпақшы, бұл туралы инстаграм әлеуметтік желісінен іздестіріп көрдім. Бұл қызметпен айналысатын бірнеше парақшалар көзге түсті.

ЖОЛ САПАСЫ – ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДА



Алда жеке көп, оған жету де көп маңдай терді қажет етеді. Үкімет басшысы өз сөзінде Мемлекет басшысы айтқан жедел міндеттерді тілге тиек етті.

– Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру, оның ішінде логистика саласына баса мән беру қажеттігін айтты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жақсы нәтижелер бар, бірақ қарқынды арттыра түсу қажет. Қазақстанның Орталық Азиядағы негізгі транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға бағытталған жаңа жобаларды дайындауға кірісу керек, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Автожол жобаларын уақытылы қаржыландырудың және осы мақсаттарға арналған жер учаскелерін резервке қоюдың маңызы осы жинда ерекше аталып өтті. Премьер-министр өңір әкімдерінің алдына тиісті міндет қойды. Резервке қойылған жерлерді беруге мораторий енгізу, олардың нысаналы мақсатын өзгерту тапсырылды. Өнеркәсіп министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, автожол жобаларына тартылған қаржылардың құжаттарын рәсімдеуі қажет. Көлік министрлігі жол салуға қажетті жерлерді мемлекет қажеттілігі үшін жедел сатып алуды заңнамалық реттеу мәселесін пысықтауы тиіс. Бектеновтің айтуынша, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Абай облыстарында жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі жеткіліксіз. Демек, өңірлердің әкімдеріне құрылыс және реконструкциялау технологияларын сақтау, сондай-ақ жобаларды іске асыру мерзімдерін мәселелерін бақылауға алу басты орында тұрады. Қалай болғанда да, Үкіметтен басталған жұмыс аймақтарда да қарқын алуы керек.

Жоғарыда бюджеттің бүйірін түрткенмен нәтиже шықпайтын бірнеше облысты Премьер-министрдің өзі ерекше атап өтті. Бұл қатарда Қызылорда өңірінің болмау себебі, әуелі жолдағы күрделі мәселелердің шешілгенін болса керек. Осы жиыннан соң аймақ басшысы қала, аудан әкімдері мен сала жетекшілерінің басын қосып, тапсырма берді.

– Биылғы жеке – жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін 95 пайызға жеткізу. Өткен жылы жөндеуден өткен жолдардан анықталған кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріп, қаржының толық игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Жобалардың мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстаныңыздар, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, облыс аумағынан 3545 шақырым жергілікті маңызды баравтожол жолдары өтеді. Оның 1024,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1965,5 шақырымы – аудандық маңызды бар автомобиль жолдары. Өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында жол инфрақұрылымын дамытуға 44 млрд 700 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан асатын автомобиль жолдары, елді мекен көшелері мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Бұл арқылы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты.

Биыл жергілікті жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 33 млрд 500 млн теңге бөлінді. Оған 329 шақырым жол жөндеуі, көрсеткіш 95 пайызға жеткізілді. Айтпақшы, Бектенов ауыр жүк көліктерінің салмағын автоматты түрде өлшеу процесін жеделдетуді тапсырды. Бұл мәселе біздің өңірде де өзекті.

Аян СПАНДИЯР,
Суретті түсірген
Н.НУРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

ҮНЕМДЕЛГЕН ҚАРЖЫҒА АЯЛДАМА САЛЫНДЫ

Қосшыңырауға қарайтын қос ауылда әзірге спорт мектебі бой көтере қойған жоқ. Әйтсе де ауыл балаларының спортқа құштарлығы ерекше. Олар бойдағы қабілетін арттырып, қазақтың намысын қорғайтын деңгейге жеткісі келеді. Ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқадыровтың айтуынша, қазір мұндағы спортқұрар жастар ауылдық мәдениет үйінің бір бөлмесінде жаттығуда. Өткен жылы ғана «көгілдір отынға» қосылып, көңілі демделген елдегі жағдайды ауыл әкімі журналистермен жүздесуде айтты.

– Өкінішке қарай, бізде спорттық кешендер жоқ. Жастардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында ауылдық мәдениет үйінің бір бөлмесін күреске дайындадық. Алдағы уақытта жабық спорт кешенін салу жоспарда бар, – дейді ауыл әкімі.

Бюджет қаржысын үнемдеп, бір тиынның да ең қажетті бағытқа бөлу елдің экономикасын нығайтпаса, әлсіретпейді. Қосшыңырауда қазір бұл бағыт қарқынды дамыған. Үнемделген қаржы ерте қажеттіге жұмсалуда.

– Үнемделген қаржы есебінен ауылдық округте 2 аялдама орнатылды. «Елді мекендерді абағтандыру мен қолдау» бағдарламасы аясында Абай, Досан ауылдарындағы балалар ойын



ауылдары ағымдағы жөндеуден өтіп, ауыл көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жолау Досан елді мекенін талапқа сай электр қуатымен қамтамасыз ететін. Сондай-ақ осы ауылдағы №2, №12, №7 көшелерге тас жол төсеу, Абай ауылына жарық бағаналарын орнату жоспарда бар, – дейді Сейдуали Әбдіқадыров.

Ауылдық округте 363 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Өткен жылы жанадан 74 кәсіпкерлік нысан тіркелді. Ал мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан кәсіпкерлердің бастамасымен 152 млн теңге тұратын 19 жоба қаржыландырылды. Оның 12-сі – қайтарымсыз грантты ұғып алғандар.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша 1659 гектар жерге күріш, 854 гектар жерге ескі жоңышқа және 110 гектар жерге жаңа жоңышқа, 92 гектар жерге бидай егілді. Ал мал саны 15 015 басқа жетті.

Тоғжан КАМАЛ,
Гүлжайна ӘБДІЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері



DIGITAL ALMATY 2025

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: Технологиялық серпіліс пе, әлде жаңа сын-қатер ме?

Еңбек нарығы: қауіп пе, мүмкіндік пе?

ЖИ-дің қарқынды дамуы еңбек нарығына ықпал етеді. «Oxford Insights» компаниясының тең құрылтайшысы әрі бас директоры Ричард Стирлингтің пікірінше, жасанды интеллект бұрын адамдар атқарған міндеттерді өзіне ала бастағанымен, ең тиімді модель – адамның ЖИ-мен бірлесіп жұмыс істеуі.

– Қазірдің өзінде еңбек нарығы өзгеруде. Мен жұмыссыздық туралы айтып жатқан жоқпын, бірақ әр адам жағдайға бейімделіп, жасанды интеллектпен жұмыс істеуді үйренуі керек. Бұл оған құнды тәжірибе береді, – деді Ричард Стирлинг.

Лондонның «Арсенал» клубының және Англия құрамасының бұрынғы футболшысы Сол Кэмпбелл роботтармен бәсекелесуден қорқудың қажеті жоқ екенін алға тартуда. Оның пікірінше, жасанды интеллект жаңа жұмыс орындарын құруға көмектесіп, экономиканың дамуына серпін бермек.

«Gagarin Capital» және «Davidovs VC» негізін қалаушы Ник Давыдов Қазақстанның IT-индустриясына арналған инвестициялық мүмкіндіктерді жоғары бағалады. Оның айтуынша, Қазақстан Кремний алқабына ұқсас жұмыс мәдениетіне ие, онда адамдар технологиялық жетістіктерге ұмтылып, инновацияларды дамытуға дайын. Ал «Freedom Holding Corp.» бас директоры Тимур Турловтың пікірінше, жасанды интеллектті дамытуға салған инвестицияның болашақта қайтарымы мол.

– Жасанды интеллектті енгізу оны жасаумен салыстырғанда әлдеқайда көп пайда әкеледі. Тіпті ондаған және жүздеген миллион доллар жұмсалғанын өзінде, соңында нәтижесін көреміз, – деді Тимур Турлов.

Киберқауіпсіздік және дербес деректерді қорғау

Форум барысында киберқауіпсіздікке ерекше назар аударылды. Цифрлық даму министрлігі ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов дербес деректерді қорғау жүйесі мен кибершабуылдардың алдын алу шаралары туралы баяндады. Елімізде деректерге қол жеткізуді бақылау сервисін, «Bug bounty» платформасын және ақпаратты қорғау жүйелерін енгізген.

– Жасанды интеллект осал тұстарды анықтауда, кибершабуылдардың алдын алуға және азаматтарды қорғауда маңызды рөл атқарады, – деді Руслан Әбдіқалықов.

Қазіргі таңда Қазақстан халықаралық электр байланысы одағының (БҰҰ ХЭБО) Tier 2 рейтингінде 3-орында тұр. Ендігі мақсат – Tier 1 (Role-modeling) санатына өту, яғни цифрлық қауіпсіздік саласындағы көшбасшылар қатарына қосылу.

Пайдасы мен зияны

Digital Almaty 2025 аясында өткен панельдік сессияда ЖИ-ді реттеу, этика және қауіпсіздік мәселелері де қызу талқыға салынып, Спикерлердің айтуынша, ЖИ дамыған сайын дербес деректердің құпиялығын сақтау мәселесі өзекті бола түсеуде.

ҚР ПМ деректеріне сәйкес, 2024 жылы қазақстандықтар интернеттегі алаяқтық салдарынан 45 млрд теңге қаржы жоғалтқан. Бұл жағдайлардың 98%-ында олар деректерін алаяқтарға өз еркімен берген. Ішкі істер вице-министрі Сәкен Сәрсеновтың айтуынша, дипфейк технологиялары мен интернеттегі деанонимизация мәселелері ақпараттық қауіпсіздікке үлкен қатер төндіреді.

Форумға қатысқан британдық «Bedrock AI» және «Diverse AI» компанияларының негізін қалаушы Тоджо Дюк ЖИ алгоритмдерінің ашықтығы мен әділеттілігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

– Жасанды интеллект қарқынды дамып келеді және артықшылығы да айтарлықтай көп. Алайда оны дұрыс пайдалану үшін ашықтық, есеп беру және этикалық нормаларды сақтау маңызды, – деді ол.

Басы 1-бетте



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНА КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛА МА?

Режиссер әрі сценарист Қанағат Мұстафин «Ұлт» ақпараттық порталына берген сұхбатында, комедиялық фильмдерді түсіру арзан екенін айтады.

– «Комедия жанрында фильм түсіру үшін бар болғаны бір не екі локация және бір не екі үй ғана керек. Ал тарихи киноға келсек, костюм тігу, реквизит табу дейтін тұстары көп. Оның бәрін жалғалау қымбат. Одан да режиссерлерге комедияны 50 немесе 70 миллион теңгеге түсірген оңай. Ол өз қаражатын ақтайды», – деді Қанағат Мұстафин.

АҚШ-тың «Нью-Йорк» кино академиясында білім алған Атамұра қазір елге келіп, қызмет істеуде. Айтуынша бізде киноны өнер ретінде көріп, актерлердің жанқийеріне айналуы сынды мәдениет енді қалыптасып келеді.

Басы 1-бетте

– Мойындау керек, халықтың жағдайына біздегі кинолардың бір сеане бағасы қымбат. Сол себепті не, көрермен пиратты сайттар арқылы көре береді. Мұндай сайттар біздің елде бұтатталмаған, ал шетелде халық әрбір киноны сатып алып көреді. Ерекше жанрда кино түсірілсе, оның жарнамасы сапалы жасалса халықтың назарынан тыс қалмайды. Мәселен, хорор жанрында түсірілген «Дәстүр» киносын аласақ. Біріншіден, жанры ерекше, содан соң насихаты да аз болмады. Фильмге арнайы подкаст ұйымдастырылды. Ал мемлекет қаржысына түсірілген картинаның жарнамасы кем түсіп тұр, – дейді Атамұра.

Ал көрермен көзқарасы тым бөлек. Олар кино басталғаннан әрі қарайғы оқиғаны біліп отыратынын айтады. Ойкөні сценарий жаттапты.

– Шыны айтсақ, біздегі отандық кинолар бір жанрда. Әзілдері де бір-біріне ұқсайды. Мәселен, драма жанрында түсірілсе халықтың да, кино түсірушілердің де талғамы өсетін еді, – деді қала тұрғыны Салтанат.

Кино – тек ойын сауық емес, сананы өзгертетін құрал. Қоғамның көзқарасын, халықтың пікірін бір арнаға бағыттау үлкен күш. Осыны түсінген Корея үкіметі «экран квотасын» ойлап тапты. Бұл – кинотеатрларда жылына кемінде 73 отандық фильмді көрсетуді міндеттейін қаулы. Осының әсерінен жергілікті киноиндустрия жандана бастады. Қазір корей халқының дорамасына қызыққан көрермен сол елдің музыкасын, тілін үйреніп, тіпті тағамдарынан да дәм татқысы келеді. Қызығы сол көрістің жігіттері де кей қазак қыздары арасында культке айналды. Олардың кинодағы нәзік, қамқор, мейірімді бейнесіне қызығып, оларды шынайы өмірден көргісі келеді. Сол сияқты біз де өзіміздің бай мәдениетімізді көрсету арқылы турист тартуымызға өбден болатындай. Сондай-ақ халық та отандық киноларға қолдау көрсетуді міндетіндей көрсетейміз.

Думан КЕҢШІЛІК



ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛҒАН ТҮЛҒА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың 28 қаңтарында Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «...Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұрақтандыра отырып, орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс», – деді. Президенттің айтуынша, бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибе мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінетінін дәлелдеп отыр.

Мұндай жағдайда мемлекет және қоғам қайраткері, «кризис-менеджер, жерлесіміз Бердібек Сапарбаевтың ерекше үлесін атап өтесіңіз болмайды. Қайраткер тірі болғанда осы күндері 72 жасқа толатын еді.

Кейінгі екі-үш жылда Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың «кризис-менеджер» ретіндегі қажырлы еңбегі туралы баспасөз беттерінде бірнеше мақалалар жарияланды. Оны қайталамау үшін 2024 жылдың 16 ақпанында Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Бердібек Сапарбаев тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда сөз алғандардың бірқатарының пікір желісін оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

Сол конференцияның ашылуында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова алқалы жиынға Бердібек Машбекұлымен бірге ұзақ жыл қызмет жасаған Президент әкімшілігінің, Парламенттің, Үкімет мүшелері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері және осы саланың ардагерлері, Кеден комитетінде бірге қызмет атқарған азаматтар, бір кезде өзі басқарған Қызылордадан, Оңтүстік өңірде Түркістан облысы мен Шымкент қаласынан, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарынан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарынан келген әріптестері, сондай-ақ қайраткер тұлғаның қамқорлығын көрген азаматтар қатысып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, кездесуге Бердібек Машбекұлының егемен еліміздің қалыптасуына, өнерге, ғылымға жасаған риясыз қызметін құрметтейтін ғалымдар, мәдениет өкілдері, мемлекет қайраткерлері және жастар келді.

– Бірінші кезекте ол «кризис-менеджер» болды. Бұл бәрине белгілі факт. Ел басшылығы Бердібек Машбекұлына ең қиын нысандарды сеніп тапсырды, өйткені ол арқашан әлеуметтік жағдай туралы жақсы біліп, кез келген істі қисынды қорытындыға жеткізді. Қай жерде жұмыс ітесе де, қандай қызмет атқарса да, арқашан азаматтардың мүдделеріне, әлеуметтік әл-ауқатына және халықтың денсаулығына мұқият назар аударды.

Қажырлы еңбегінің арқасында қазақстандықтардың шынайы құрметіне ие болды.

Бердібек Сапарбаев мемлекеттік қызметшілердің кадрлық резервін дайындауға көп көңіл бөлді. Ұстаз ретінде өз елінің патриоттарының тұтас бір тобын тәрбиеледі. Олардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері көп, – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Жас мемлекеттік қызметшілерге үлгі

Конференцияда ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов да Б.Сапарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесін атап өтті.

– Бүгін біз аса ғибадратты, өнегелі жиынға қатысып отырмыз. «Еліне қадірлі болсаң, елеусіз қалмайсың» деген халық сөзі бар. Сондықтан бұл жиынды Бердібек Машбекұлындай мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен дамуына жан аямай қызмет еткен, өлшеусіз үлес қосқан азаматқа, тұлғаға арнап отырмыз. Бұл жиын туған елің сүйген, туған елі сүйген тұлғаға деген ерекше құрметтің белгісі деп санаймын, – деді Ерлан Қошанов.

Сондай-ақ Мәжіліс төрағасы осы конференцияға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жолдаған арнайы құттықтауын оқып берді.

«Бердібек Машбекұлы – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол әр жылдары жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Бірқатар өңірлерге және мемлекеттік органдарға жетекшілік етіп, парасатты, іскер әрі білікті басшы ретінде танылды. Халықтың ерекше сый-құрметіне бөленді. Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың есімін ұлықтау арқылы өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелейміз. Қайраткер тұлғаның адами қасиеттері, кәсіби біліктілігі мен адал қызметі жас мемлекеттік қызметшілерге әрдайым үлгі-өнеге», – делінген хатта.

– Тал бесіктен жер бесікке дейін халқына, ұлтына риясыз қызмет ету, қызмет ете жүріп тұтас елдің шынайы алғысын алып, құрметіне бөлену екінің бірінің тағдыр талайына бұйыра бермейтін бақыт, – деп толықтырды Ерлан Қошанов. – Мұндай тұлғалардың есімі мемлекеттің, ұлттың тарихында алтын әріптермен жазылып қалады. Ол кісінің мәнді де мағыналы ғұмыры бейнелеп айтқанда «аттың жалында, түйенің қомында» өтті. Еліміздегі ең қиын салаларға жетекшілік жасады. Бес бірдей облысқа әкім болған Қазақстандағы жалғыз тұлға және сол өңірлердің мәселесі күйіп, шаруасы шатақпай тұрған кезде Бердібек Машбекұлы басшылық жасады. Қазір осы 5 облыс дербес 7 облысқа айналды.

Осы арада өзін куә болған жайтқа тоқталып өткім келеді. Қателеспесем, осыдан 10-15 жыл бұрын Бердібек Машбекұлымен бір делегация құрамында Алматыға іссапармен бардық. Сол кезде екеуіміз бір көлікте келе жаттық. Бір уақытта Бекең «мына жерге бұрыла кетейік» деп көлікті бұрғызып, бір кішкентай дүңгіршектің жанына барып тоқтадық. Барсақ, дүңгіршектің жанында бір қария мен кемпірі тұр екен. Бердібек Машбекұлы олармен



біраз әңгімелескеннен кейін әрі қарай кеттік. Сосын мен туысымен амандасқан болар деп, «бұл туысыңыз ба?» деп сұрадым. Сөйтсек, жаңағы ақсақал Астанаға келу үшін жеке шаруасымен Бердібек Машбекұлына сұранып жүр екен. «Мен ол кісі Астанаға әуре болып келмей, ақыры келгеннен кейін жолдан бұрылып, жарты сағат уақытымды бөлім» деп әдейі кездескенін айтты. Сол кезде шыны керек таңғалдым. Бұл өмірлік тағлым болды деп айта аламын.

Бекеңнің кісілігі мен кішілігі осында.

Мемлекеттік деңгейдегі тұлға

Конференцияда ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов қайраткер тұлғаның өмірлік тәжірибесі мен табанды еңбегіне тоқталды.

– Бізді тағдыр тоғастырған бір оқиға бар, – деді Ж.Асанов. – 2016 жылы жерге қатысты митингі өтіп, бүкіл республика шулап жатты. Көп ұзамай қырықтан астам діни радикал Ақтөбеде теракт жасады. Қару-жарақ дүкендерін басып алып, әскери бөлімге оқ атты. Біраз адамның өмірі қиылды, денсаулықтарына зиян келді. Бір сөзбен айтқанда, жер митингітері мен діни радикализм өршіп тұрған кез.

Сол кезде біз Бас прокуратура болып, Президентке ұсыныс жасадық. Терактілер халық арасында үрей туғызды. Билікке сенімсіздік бар. Өңірлерге барып жұртпен тікелей жұмыс ітесек, мемлекеттің қамқорлығын көрсетсек, ол үшін пилот ретінде бір облысты алып, сонда елге қолдау көрсетудің үлгі-моделін жасасaq дептік.

Әрине көп нәрсе сол барған өңірдің басшысына байланысты. Әкімі қолдап, белсенді болмаса нәтижеге жету мүмкін болмас еді. Сонда Бекеңмен тез тіл табыстық. Өзінің Ақтөбеге келгеніне де көп болмаған екен. «Уайымдама, топты бізге ежел, бәрін жасаймын» деп сендірді. Сол 2016 жылы бүкіл республикадан 230 маманды жинап Ақтөбеге келдік. Мемлекеттік қызметшілермен қатар, топқа дәрігерлер, теологтар, психологтар, имамдар енді. Бекең алты жүздей адам жинап, мақсатымызды айтты. Облыстық активке ескенудің қажеті жоқ. Әріптестер орталықтан бізді тексеруге, бағалауға, сынауға келген жоқ. Кабинеттен жерге түсіп, бізбен бірге нақты проблемаларды шешу үшін, өршіп тұрған діни радикализмді ауыздықтау үшін келді деп түсіндірді. Мұндай шара елде алғаш рет жасалып жатқан. Бердібек Машбекұлы жұмысты әдемі үйлестіріп, республикадан келген 230 адамды өңір жағдайын жөндеп алуға ұтымды пайдаланды. Облыста 830 мыңдай адам болса, әрбір алтышы ақтөбелікке жеттік. Ол мүгедектер, жастар, көпбалалы, жағдайы төмен отбасылар, сотталғандар, діннен адасқандар.

Осындай үйлесімді жұмыстың арқасында Ақтөбеде бай тәжірибе жиналды. Әдістемелік құрал жасалды. Осы жұмыстың басында Бекеңнің жанында жүрдім. Жұмыс таңғы 7-де басталатын. Күні бойы кездесулер, жиналыстар дегендей.

Жобаның соңғы екі күнінде Бекеңмен болдым. Байқағаным, бір ай бұрын басталған жұмыстың қарқыны тоқтамаған екен. Астанадан келген барлық құрылымдар өз қызметтерін белсенді жүргізіп жатты. Кейін Президентке баяндадық. Үкіметке осы жұмысты басқа облыстарда жүргізу тапсырылды.

...Бердібек Машбекұлының осындай ерекшелігінің түп негізінде ауылда өсіп, қара жердің демін сезінген, дала еңбегімен шынығып өскен өмір жолы жатқаны анық.

Жаңа буын үлгі етер қасиет

– Біз екеуіміз бір топырақта туып, бір кезеңде өмір сүрдік. Екеуіміз де хал-қадірімізше елімізге қызмет еттік. Қызмет жолында әріптес, өмір жолында сырлас болдық. Ел оң-солын танып үлгермей жатқан елең-алаң тұста біз бірге жұмыс істедік. Көп ағаларымыз аттарын да ұқсас, сендер осы егіз қозыдайсындар деп әзілі аралас тілеулес пейілін білдіріп жататын, – деді конференциядағы сөзінде мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев.

Қырымбек Елеуұлы сондай-ақ, Бердібек Машбекұлының 1990 жылдардағы тоқырауда Қызылорда облысын жойылуымен сақтап қалғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейтінін айтты.

– Сол тұста Қызылорданың салықтық базасы нашар, экономикасы, әсіресе, өндірісі дамымаған деген желеумен облысты жабу туралы Үкіметте Президентке ұсыныс дайындалып жатқан болатын. Қазіргідей стратегиялық әрі рухани маңызға ие аймақтың жабылып қалуы кімді болса да қынжылтады ғой. Дәл сондай сындарлы сәтте Бердібек білек сыбана кірісіп, Қызылорданың басқа аймақтардан кем емес екенін, салықтық база, экономикалық перспективасы бар тиімді аймақ екенін Үкімет алдында

дәлдеп, өзінің жоғары кәсіби деңгейін көрсете отырып аймақты сақтап қалды. Бұл Бердібек Машбекұлының туған жері ғана емес, тұтас Отанының алдындағы бір үлкен перзенттік, қайраткерлік қызметі деп бағалаған жөн. Еркін экономикалық аймақ, басқа да шаралар соның аясында атқарылған істің бір көрінісі.

Сапарбаев сонымен қатар алаштың ғана емес, адамзаттың ортақ мәселесіне айналған Арал тағдырын да дер кезінде көтеріп, Президентке ұтымды ұсыныс жасап, мәселені шешудің оңтайлы жолын қарастырды. Арал мәселесі көп елдің назарын аударып, қолдауына ие болды. Дүниежүзілік банк пен Қазақстан Республикасының өзара келісімі бойынша Кіші Арал жобасы жасалды. Соның іске асуына Бердібек тікелей мұрындық болды. Бұл ел тарихындағы ерен еңбек екені даусыз, – деді Қ.Көшербаев.

Қырымбек Елеуұлы атап өткендей, Бердібек Машбекұлы қай өңірге барса да сол жердің әл-ауқаты мен қордаланған түйінді мәселелерін шешуге, үзілген үміттерін жалғауға барды. Ол Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарына әкім болған кезінде аянбай еңбек етіп, соның бәрине де абыроймен барып, абыроймен кетті. Жетекшілік еткен әр аймақта халқы оны қимастықпен шығарып салып отырды. Бұл Бердібек Машбекұлының аңтына адал, сергітін сенімді болғанының белгісі.

Мұқтаждарға қамқорлық

«Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан адамдарды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Құралай Байменова аймақтағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани процесстерді бақылаудағы облыс әкімінің рөліне тоқталды.

– Бердібек Машбекұлы өмірден өткенде тұтас бір дәуір көшкендей болды. Көкейде «Бізге ұрпақтар сабақтастығы бар ма, әкімдер институтын қандай өзгерістер күтіп тұр?» деген сауал тұрды.

2015-2019 жылдары Ақтөбе қаласы мен аудандардың мәдениет, бизнес, құрылыс салаларында, қоғамдық өмірінде көптеген өзгеріс орнады. Бердібек Машбекұлы 2015 жылдың қараша айында жұмысқа кіріскен бойда қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесті. Онда сенімге негізделген мәнді әңгіме айтылды. Өңірдегі қоғамдық ұйымдардың ахуалы туралы 100-ден астам адам өз ойларын еркін жеткізді. Сол жерде жаңа басшының бізді бірден түсінгені, оның жоғары кәсіби және іскерлік қасиеттері бірден байқалды. Аз уақытта ақтөбеліктер «Бердібек аға туысымызды болып кетті» деді. Ол ондаған, мүмкін жүздеген адамның ертенге деген сенімін нығайтты, басына баспана берді, үміт отын жақты.

Ақтөбеде қызметте жүргенде халықтың әлеуметтік жағиынан осал топтарын қолдауға арналған қайырымдылық акцияларын көп ұйымдастыратын. Мүгедектігі бар белсенділердің барлығын танытып, олар ұйымдастырған іс-шаралардан қалмайтын.

2017 жылы Ақтөбеде су тасқыны болып, жүздеген құрылысты шайып, бұзып кетті. Табиғат апаты кезінде облыс әкімі зардап шеккен жұртшылықтың ортасында жүрді, адамдарды сабырға шақырды. Айналасы аз уақытта бұзылған үйлер қалпына келтірілді. Әдеттегідей, бұл шаруаны да үйлестірген Бердібек Машбекұлы еді.

Бердібек Сапарбаевтың өмір, еңбек жолы посткеңестік кезең мен Тәуелсіз Қазақстанның тарихында өз орнын алатыны сөзсіз, – деді ол.

Құбылыс

– Өркімнің көңілі құлайтын адамдары болады. Сана-мызда із қалдырған екеу болса, соның бірі – Бердібек Машбекұлы. Бекең жарықтық шешеннің тілі күрмеліп, ердің қолы қалтырайтын ақиқаттың көзіне тура қарай алатын тұлғалардың бірі еді. Бойындағы өнерін, қабілетін кәсіп деп емес қасиет деп қарайтындардың сойынан еді, – деп келтірді сөзін халық әртісі Досхан Жолжақсынов. – Жалпы, кез келген тұлға туралы, оның ішінде биліктегілер туралы айтқанда, – дейді Әбіш Кекілбаев ағамыз, – алдымен оның табиғи бітім-болмысына ерекше назар аудару керек. Бекеңнің биік талғамы мен терең толғамы жан-жүрегіңде тебіреніп, толғанып көрініс тауып жатушы еді.

...Сіңірсем деймін жеріме, Маңдайдың терін ағызып. Жасасам деймін еліме, Жанымың отын тамызық, – дейді ақын Сырбай Мауленов ағамыз. Шіркін-ай, қандай сөздер. Биліктің маңдайшасына шегелеп-ақ қоятындай. Тура Бекең, маңдайыңда арналған-ақ.

Бекең жарықтық халқымыздың рухани әлеуетін қоғам алдында айқара ашуға мүмкіндік беретін тұлғаларымыздың бірі еді. Бір бойында мемлекеттік қайраткерліктің, саясаттанушының, мәдениеттанушының, әлеуметтанушының барлығының дарыны әдемі тоғысқан. Соның бәрін далалық данышпандықтың қайнарына суарған Бекең бүгін ойлап қарасаң шын мәнінде құбылыс екеніне ешкім дау туғыза қоймас.

«Жұрт ісін түс көрмей ояу жүріп іздеу мақсат» дейді Әлихан Бөкейханов. Қарапайым да парасаттылықтың қауісін бұлағындай Бекеңнің халқына сіңірген, халқының рухына сіңірген еңбегінің бағдаршамындай. Жалпы Бекеңнің дара ақылы, мемлекетіміздің, еліміздің өтпелі кезеңінде айқара ашылып, шындала түскендей.

Өмірді құтқару үшін

ҚР Президентінің ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Закарья пандемия кезінде Б.Сапарбаевтың жан-жақты қолдауына сүйене отырып, Қазақстан коронавирусына қарсы вакцинаны әлемде алтыншы болып шығара алғанын өз сөзінде келтірді.

«Менің өмірімдегі ерекше маңызды сәт – пандемия кезінде Бердібек Машбекұлымен кездесу, қазақстандық вакцинаны жасау мәселесі өткір тұрған уақыт еді. Мен ол кезде Жамбыл облысындағы биологиялық қауіпсіздік ҒЗИ басқарамын, біз вакцина әзірлеу бойынша жұмысты бастадық. Билік пен мамандар арасындағы пікір қайшылығына қарамастан, Бердібек Машбекұлы табандылық танытып, бізге барлық қажетті қолдауды ұсынды. Сол қиын кезеңде вакцина жасау және зауыт құрылысын жеделдетуде көп көмегі тиді. Облыс әкімі төтенше жағдайды ескере отырып, жауапкершілікті толықтай өзіне алды. Республикадан қаражат бөлуді күтпей, зауыт құрылысын бастау жөнінде құрылыс басқармасының басшыларына нақты тапсырма қойды. Осылайша 2020 жылдың 12 маусымында зауыттың іргетасы қаланды. 2021 жылы 21 маусымда QazVac вакцинасының алғашқы партиясы шығарылып, Қазақстанның көптеген тұрғынының өмірін сақтап қалды».

Көреген басшы

Конференцияда Шерхан Мұртаза атындағы Тараз халықаралық инновация институтының вице-президенті (қазір ректоры), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Махметғали Сарыбеков Бердібек Машбекұлының Жамбыл облысын басқарған жылдардағы жұмыс тәсілдері туралы айтты.

– Оның экономист ретіндегі аналитикалық ақыл-ойы өте жоғары болатын. Жұмыстың жүйелі әрі кешенді болғанын қалайтын. Алдына стратегиялық мақсат қойып, соны орындауға қызметкерлерді жұмылдыра алатын. Ол өзіне дейін қызмет істеген әріптестерін құрметтейтін, сіңірген еңбегін, жеткен жетістіктерін жиналыстарда айтып отыратын. Бұл арқылы әріптестіктің, сабақтастықтың маңызы айқындалатын.

Тағы бір қасиеті, адамдардың қабілет-қарымын, мүмкіндігін дәл бағалайтын және оларға сенім артып, міндет жүктейтін.

Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Асарлатып үй салу», «Жомарт түлек», «Таразға тарту» сияқты әлеуметтік жобалар халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал етті. Әсіресе, «Асарлатып үй салу» туралы атап айтсақ, жоба шеңберінде 350 аз қамтылған отбасы баспаналы болды. Ол үнемі халықтың ортасынан табылды, бұл қасиеті Қордайдағы оқиға, коронавирус пандемиясы, Байзақ ауданындағы жарылыс және қаңтар оқиғасы кезінде анық көрінді. Сол себепті де оны халық арасында «кризис-менеджер» атап кетті, – деді профессор.

Тың өзгерістердің бастамашысы

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев Бердібек Сапарбаевтың жетекшілігімен жұмыс жасағанын, Шығыстағы, Абай еліңдегі жұртшылықтың оған деген ерекше ықылас-пейілі туралы айтты.

– Ол кадр тәрбиелеуде бізді қарапайымдылыққа, әдептілікке, адамгершілікке үйретті. Бердібек Машбекұлының өнегесі мен тәлімін өз тәжірибемде қолданып келемін.

Оны халық «кризис-менеджер» деп бекең атаған жоқ. Қызылордада экономикалық жағдай күрделенген тұста инвестор тартып, айналымға ваучер енгізді. Оңтүстік Қазақстанды энергетикалық қоллап-таптап алып шығып, салық және зейнетақы төлеуді жүйеленді. Ақтөбе мен Шығыста төтенше жағдайдан кейінгі және әлеуметтік мәселелерді шешті. Мәселен, Тарбағатай ауданының Көкжыра және Жантөкей елді мекендерін су алғанда, Артем кенішінде шахтерлар талап қойғанда Бердібек Машбекұлы дағдарыстан шығу жолын бірден тапты.

Ол қызметке кіріскен бойда барлық ауданды аралап шықты, көптеген іске бастамашы болды. Мектептер, әлеуметтік, мәдениет, спорт нысандарын салды. Басшының атқарған жұмыстарының нәтижесін бүгінде әр ауылдан көруге болады. Өңірдің тау-кен саласына инвестиция тартып, өркендеуін қамтамасыз етті. Бизнесстің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ірі өндірістік компаниялар халықтың қажеттіліктеріне көңіл аудара бастады. Ол шағын және орта бизнесті дамытуға жол ашты. Патриотизм мен ұлттық бірегейлікке баса мән беріп, Өскемен қаласының орталығына мемлекеттік рәміздер мен Абай ескерткішін орнатты, – деді Е.Көшербаев.

Р. С. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырды. Осы «мектептерде» мемлекет қайраткері Бердібек Сапарбаевтың жұмыс тәжірибесіне арналған сабақтар өткізу орынды болар еді.

Кеңес МАХАМБЕТОВ,
еңбек ардагері,
Астана қаласы

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

Тоғызыншы
қара сөзАБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

Осы мен өзім – казакпын. Қазакты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, өрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем – сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндөймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Өншейін осылардың басынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе, – білмеймін. Сырттым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде казакты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріпін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «өттегене-ай, сондай, сондай қызқытарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

Доула – грек тілінен аударғанда «қызмет көрсетуші» дегенді білдіреді. Доула – жүкті әйелдердің жанында болып, босану кезінде физикалық жағынан, көңіл-күй тұрғысынан демеу беріп, жағдайын жасаушы. Еуропада бұл қызметке келіншектер бұрыннан жүгінгені екен. Кей мемлекет жүкті келіншектің жанына доула кіргені үшін қаржысын өздері төлейтіні жайлы да мәліметтер бар. Жүкті әйелге қандай көмек жасалса да артық емес. Бұрынғы уақытта босанған әйелге еңелер жақсы көмектескен. Жаңа босанған әйелге қалжасын беріп, бабын жасауға мән берілетін. Қазіргі уақытта уақыттың жоқтығы дейміз, жастардың бөлек шығуы да келіндердің қараусыз қалуына себеп болған секілді. Ал жаңадан пайда болған доула қызметі жүкті келіншектер үшін үлкен көмек екен.

Доула қызметін атқарып жүргендер біздің қалада да бар екен. Соның бірі – Шынарарай Сәбитқызы.

– Бұл туралы бірі білсе, бірі білмейді. Доула қызметі – жүкті әйелдерді босануға психологиялық, эмоциональды және физикалық тұрғыда толық дайындайтын маман. Сондай-ақ босану кезінде аналарға көмектеседі, – деп бастады әңгімесін кәсіби доула Шынарарай Сәбитқызы.

Өмірге саби әкелу – жауапты уақыт. Көп әйелдің бұл кезеңде мінезі құбылмалы болады. Басқалардан қолдау күтеді. Міне, дәл осы уақытта доула қызметі көмекке келеді. Босану кезінде жүкті әйелдің жанында болып, көмек көрсетеді.

– Әлеуметтік желіден доула бойынша видео көріп, көмегіне жүгінгім келді. Бірақ өкінішке қарай, біздің қаламызда бұндай қызмет көрсететін орталық жоқ екен. Содан кейін өзім сияқты доула



«Аптасыртың» қолтаңбасы

ДОУЛА: мамандық па, әлде кәсіп пе?

қызметіне мұқтаж аналарға көмектесу керек екенін түсіндім. Осы оймен бұл сәпке қызыға бастадым. Жүктілік кезең әйел үшін ең маңызды кезеңдердің бірі. Біздің мақсатымыз – әйелді қорқыныш сезімінсіз босануға, әр кезеңге дайындау. Сондай-ақ күйзелісті азайтуға көмектесеміз. Жүктілік кезеңін қуаныш еске алатындай жағдай жасаймыз. Бұл бізге де қуаныш сыйлайды, – дейді ол.

Шынарарайдың бұл кәсіпті бастағанына 3-4 айдың көлемі болыпты. Осы уақыт аралығында 50-ге жуық әйелге өз қызметін ұсынған. Бұл қызметке сұраныс бар екендігін көрсетеді. Тіпті аудандардан да сұраныс түседі екен.

– Кез келген адам доула бола алады деп ойламаймын. Сырттан оңай болып көрінетін шығар, бірақ өзіндік қиыншылықтары бар. Доула қызын оқытатын арнайы орталықтар бар. Қызылорда қаласы казак әңір болғанымен, шетелден енген осы қызметті өте жақсы қолдануға. Бізде келінінің денсаулығын ойлайтын алтын еңелер және келіншегінің жағдайын жасайтын ер азаматтар жетерлік десем болады. Арнайы қатып қалған баға жоқ, әйелдің жағдайына қарай көмек көрсетеміз. Қоғамға жаңадан еніп жатқан кәсіп болғандан кейін қызметіміз тиімді, – дейді доула.

Басы 1-бетте

Бұл қызметтің жүкті әйелдер үшін қажет екенін медицина мамандары да қолдап отыр. Сол себепті босану бөлмесіне кіруге оларға рұқсат етіледі. Гинеколог-акушерлер доула қызметін өте жақсы қабылдайды. Себебі доула әйелді босануға дайындап және босану кезінде арнайы техникалар арқылы тез, жеңіл босануға жағдай жасайды екен.

– Әйелдерге босанғаннан кейін де көмек көрсетеміз. Шілде тер шығаратын аппаратымыз бар. Сондай-ақ іштің қалыпқа келуіне арнайы массаж жасалады. «Йони Стим» әдісі бойынша арнайы шөп дәрілермен жатырды қалыпқа келтіреміз. Денеді ісіктер болса «Робин Лим» әдісін қолданамын. Тіпті әйелдің энергиясын көтеріп, шаршағанын басу үшін ванна терапия жасалады. Ал жайлылық сезіну үшін ваннаны майшамдармен сәндіміз. Соңында бенкунг байлаймыз. Одан бөлек сабиға алғашқы күтім жасай алмайтын бірінші босанған келіншектер болса сабиді шомылдыру, массаж жасау деген сияқты алғашқы күтімдерін жасап беру қызметтері де бар, – дейді Шынарарай Сәбитқызы.

Көпбалалы ана Жадыра Сүлейменова бесінші сабиін босанғаннан кейін доула қызметіне жүгінуді жөн санаған.

– Доула жайлы әлеуметтік желіден көріп жүретінім. Бесінші баламды босанғаннан кейін доула қызметіне жүгінгенді жөн көрдім. Жаның қиналған сәтте сізді қол-

дайтын жан керек. Ол нағыз маман болса, тіпті керемет емес пе? Доула қызметі жұртқа ерсі көрінгенмен, оның атқаратын міндеті орасан зор. Көңілді аулап, массаж жасап түрлі қызметтер көрсетті. Егер де көмектесер адамы болмаса жүкті әйелдер осындай қызметке жүгінген дұрыс деп ойлаймын. Бала үшін бақытты, дені сау ана қажет. Сондықтан барлық мүмкіндікті пайдаланған жөн деп санаймын. Мен доула қызметін босанғаннан кейін пайдаландым. Мүмкіндік болса мамандардың қызметіне жүгінген жақсы екен. Денсаулық бәрінен маңызды, – дейді көпбалалы ана Жадыра Сүлейменова.

Қазіргі уақытта адамға тек рухани қолдау мен қиналып тұрған шақта жылы сөздің өзі де көмек. Сондықтан да бұл қызмет жүкті әйелдер үшін нағыз керек маман екені белгілі. Қазіргі кезде босанған әйелге көмектеспек түгілі, оның жағдайын сұрамайтындыр да бар. Екі жақты көзқараспен қарасақ, ене, абысын мен келін арасы ажырап бара жатқан секілді. Яғни жақыннан көмек болмайтынын сезген жас аналар ақысына маман шақыруға мәжбүр болады. Алайда кейбіреулер ескі көзқараспен «доула қызметісіз-ақ қанша баланы дүниеге әкелдім» деуі мүмкін. Дегенмен екі адамның жауапкершілігін арқалайтын жүкті әйелге қандай жағдайда да қолдау қажет екенін ұмтпағанымыз абзал.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ОҚЫРМАН ОЙЫ

«ҚЫТАЙ БАЗАРЫ» қайдан келген?

Бейбарыс сұлтан көшесінің бойымен таксиде келе жатып, үлкен әріппен қып-қызыл түсте «Қытай базары» деген жазуды көзім шалды. Тіпті маңдайшада қытай тілінде жазу бар. Негізі межелі жеріміз басқа еді, дереу көлікті тоқтатып, сол жерден түсіп қалдым. Сондағы ойымыз казак әңірдің төрінде дәл бұлай неге жазылған? «Қытай базары» көшіп келген бе? Неге «қытайлық заттар дүкені» деген тәрізді ат қоймады? Маңдайшада тұрған орыс тілінің өзін «орның өне» деп көрсетіп екініші қоямыз, ал қытай тіліндегі жазу...

«Қытай базары» туралы ақпарат алу үшін тікелей базарға барып, қызметкерімен және басшысымен сөйлестік. Айтуынша, өткен жылдың аяғында ашылыпты. Мұндағы заттардың дені – халықтың күнделікті тұрмыста қолданатын қажетті дүниелер. Әйтсе де әңгіме арасында базардың маңдайшасындағы қытайша жазу ойымнан кетпей қойды. Базар басшысы Венг Ханг:

– Ол жазуда тұрған еш нәрсе жоқ. Бұл «Қытай базары» деген сөз. Тек қытай тілінде жазылған, – деді ол.

Мұнда тұрмыстық техникандан бастап, аяқ киім, ойыншықтар, жеке гигиеналық заттар, пластик ыдыстары, электроника өнімдері және тұрмысқа қажетті әртүрлі тауарлар сатылады. Келушілердің айтуынша, бағасы арзан дейді.

«Қытай базары» өз тауарларын тек өзінде орталығында ғана емес, Арал, Қазалы аудандары мен Байқоңыр қаласына да жеткізіп үлгеріпті.



Мейлі, заң шеңберінде шығар... Бірақ бізді ойландырғаны – дүкен маңдайшасында сөз қытай тілінде жазылғаны. Маңдайшада жазудың да жөні бар шығар?! Тиісті орындар, ономастикалық мәселелерді қарайтын мекемелердің назарға алғаны жөн болар...

Тоғжан КАМАЛ,
Гүлжайна ӘБДІЛЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық казак-түрік
университетінің студенттері

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Өңірдегі білім саласында өзіндік қолтаңбасы қалған Сексенәлі Рахановтың туғанына 80 жыл толуына орай «Сексенәлі Раханов – жұмысшы мамандары даярлау жүйесінің негізін қалаушы» атты облыстық танымдық конференция өтті. М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде өткен жиының облыстағы білім саласының басшылары мен ардагерлері қатысты.

Көзі тірісінде кәсіптік техникалық білім саласының майталманы атанып, «Қазақстан Республикасы кәсіптік-техникалық білім беру үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісінің, «Қызылорда облысының құрметті қайраткері» атағын иеленген Сексенәлі Рахановтың қоржынында кейінге ой салар құнды кітаптар бар. Іс-шарада колледжде Сексенәлі Раханов атындағы доріхана салтанатты түрде ашылды.

Конференцияда сөз алғандар Сексенәлі Рахановтың өмір жолы мен адами қасиеттері туралы айтты. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» деген сөзді тағы да қаперге салды. Сала ардагері Иса Жетербаев 1997-1998 жылдары кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін ықшамдау кезеңінде училищелердің қысқармауына барынша күш салып, облыстағы 17 училищенің 13-ін қысқартпай, аман алып қалған Рахановтың бұл еңбегі келе-

шек ұрпақтың білім саласына қосқан ең үлкен үлесі екенін айтты. Ал Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Вилорий Пак қайраткердің тағы бір қырын ашты.



Саналы ғұмырын аймақтағы кәсіптік білімнің көкжиегін кеңейтуге арнаған ұстаз облыста бірқатар басшылық қызметтер атқарды. Ізінен ұлағатты ұрпақ, өрісі кең перзенттер мен шәкірттер қалдырған Сексенәлі Рахановтың отбасы да жиыныға қатысты.

– Өкенің орны бөлек. Қазақта «Таулар алыстаған сайын биіктейді» деген керемет сөз бар. Жиында әкем туралы айтылған жақсы сөздерді тыңдаған сайын оның тұлғасы биіктей түсті. Әкем өте білімді, еңбекқор еді. Еңбекқорлығының арқасында өз болмысын қалыптастырды. Біз әкемізді мақтан етеміз, – дейді қызы, облыстық оқу орталығының арнайы және инклюзивті бөлім меңгерушісі Нұржамал Раханова.

Тоғжан КАМАЛ,
Гүлжайна ӘБДІЛЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық казак-түрік
университетінің студенттері

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4400 Тапсырыс №213

Немірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА